



#КИНО

Қазақстандық актер Джеки Чанмен бірге киноға түседі

Sälem Entertainment жобасының жұлдызы Рүстем Омаров әйгілі Джеки Чанмен бір алаңда киноға түсіп, «Доспехи Бога: Ультиматум» фильмінде жаңа белеске қадам басты.

Рүстем Омаров Джеки Чанның халықаралық жобасы «Доспехи Бога: Ультиматум» фильміне қосылды. Атақты экшн-франшизаның жаңа бөлімінде Sälem Entertainment жобасының жұлдызы актер әрі сценарист ретінде бой көрсетеді. – Бала кезімнің кумиры Джеки Чанмен бірге түсетініме өте қуаныштымын, – дейді Рүстем Омаров.

Шығыс Қазақстан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінің 2025 жылдың 9 айындағы сәйкестік аудитінің нәтижелері

2025 жылдың 9 айының қорытындысы бойынша Шығыс Қазақстан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті 34 сәйкестік аудитін жүргізді. Аудит нәтижесінде жалпы сомасы 4,55 млрд теңге қаржылық бұзушылықтар анықталды, оның 872,83 млн теңгесі бюджет кірісіне өтелуге жатады. Сонымен қатар, 4,43 млрд теңге көлемінде рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар анықталды.

Өткізілген аудиторлық іс-шаралардың нәтижесінде аудит объектілеріне 33 нұсқама берілді. Есепті күнге дейін осы нұсқамалардың орындалуы аясында 2,96 млрд теңге қаржылық бұзушылықтар жойылды (яғни қаржылық бұзушылықтардың жалпы сомасының 65%-ы), 33 лауазымды тұлға тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

Жіберілген бұзушылықтар үшін 29 лауазымды тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылып, жалпы сомасы 8,9 млн теңге айыппұл салынды, оның 7,8 млн теңгесі бюджетке өндірілді.

Сонымен қатар, 4 аудит материалы процестік шешімдерін қабылдау үшін уәкілетті органдарға жолданды.

«Дигам» ЖШС 2025 жылғы 8 қыркүйек күні Күршім балық инспекциясы мамандарының ұйымдастыруымен Қара Ертіс өзенінің тартылып қалған су тоғандарынан майшабақтарды құтқару жұмысын 3 га ауданда жүргізді. Құтқарылған 10 320 дана шабақ Қара Ертіс өзеніне төгілді. Іс шараға барлығы 3 техника және 15 адам жұмылдырылды.

ЖАРНАМА БӨЛІМІНІҢ
ТЕЛЕФОНЫ: 8 (7232) 75-28-22,
87772397682
MARKETING@ALTAINNEWS.KZ

#ТҰТЫНУШЫ ҚҰҚЫҒЫ

Сөредегі баға мен кассадағы сома сәйкес келмесе, кім кінәлі?

Егер баға белгілері кассадағы бағаға сәйкес келмесе, тұтынушы азық-түлік дүкенінде өз құқығын қалай қорғайды? Дүкеннен немесе базардан өнімдер сатып ала отырып, әрқайсымыз кем дегенде бір рет сапасыз тауарларға тап болдық. Сонымен қатар ашыған сүтті, жағымсыз иісі бар етті, мұздатылып қалған көкөністер мен жемістерді бірден қоқысқа тастаймыз. Дегенмен сапалы азық-түлік өнімдерін сатып алу және бүлінген тауарды сатушыға қайтару құқығыңызды дұрыс пайдалану қисынды болар еді.

«Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» ҚР Заңының 15-бабына сәйкес тиісті емес сападағы тауарды тұтынушы сол, маркалы тауарға ауыстыруды немесе ақшаны қайтаруды талап етуге құқылы.

Осыған байланысты сатып алушы бүлінген тауарларды дүкенге қайтаруы керек. Сонымен қатар егер чек сақталған болса, онда ешқандай мәселе туындамайды. Алайда, егер чек болмаса, тауарды қайтару қиынырақ болады. Бірақ чек болмағанның өзінде де, мысалға бейнебақылау камераларындағы жазбаларға сілтеме жасау арқылы сату-сатып алу фактісін дәлелдеуге болады.

Дүкендерде сатып алу – бұл әдеттегі нәрсе. Бірақ олар әрқашан салдарсыз өте бермейді. Көбінесе баға белгісінде бір баға, ал кассада екінші баға болған жағдайды байқауға болады. Бұл жағдайда қалай болу керек? Бірден айта кету керек, бұл – заңсыз және сатып алушы жоғары бағадағы тауардан бас тартуға құқылы. Әдеттегідей, оны кассада қалдырады.

Кейбір сатушылар азаматтың немқұрайлылығын пайдаланып, өздерін жаңартылған ақпарат әлі келмегенін, қоймада ревизия болғанын айтып немесе дүкенде жұмысшылардың жетіспейтіндігі арқылы ақталып, тауарға басқа бағаны қойып қояды.

«Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» ҚР Заңының 24-бабының 12-тармағына сәйкес сатушы тауардың құнын көрсетуге міндетті. Сауда нысанының ішкі және сыртқы витриналарына қойылған тауар бағалар жапсырмасымен рәсімделеді. Дүкен баға көрсеткішіне қойған баға – көпшілікке арналған ұсыныс, яғни дүкен мен сатып алушылар арасындағы формальды келісім-шарт, сондықтан

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР

Шығыс Қазақстан облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының «Үлкен Нарын орман шаруашылығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Шығыс Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының «Үлкен Нарын орман шаруашылығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Сенновский орманшылығы жерінде жалпы ауданы 50,0 га орман дақылдарын құру» жұмыс жобасына арналған «Қоршаған ортаны қорғау» бөліміне қоғамдық тыңдауларды ашық талқылау түрінде өткізілетінін хабарлайды.

Қоғамдық талқылаулар 24.11.2025 жылдан бастап 05.12.2025 жылға дейін қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкінің сайтында өтеді, <https://ndbecology.gov.kz/>, мұнда сіз жобалық құжаттамамен таныса аласыз. Барлық ес-

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Кирпично-строительная компания» ЖШС Экологиялық кодексі талаптарына сәйкес ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдау өткізілетіндігін хабарлайды.

1. Жоба құжаттамасының атауы: «Шығыс Қазақстан облысы, Глубокое ауданы, Красноярский селолық округі, Предгорный ауылында орналасқан кірпіш зауытында ұсақтағышты орнату» жобасының ықтимал әсерлері туралы есеп.

2. Әсер аумағы: ҚР, ШҚО, Глубокое ауданы, Предгорное ауылы, Заводская көшесі, 14 үй. Учаскенің координаталары 50°14'6,47" солтүстік, 82°14'35,83" шығыс.

3. Қоғамдық тыңдау 2025 жылғы 18-желтоқсанда сағат 10.00-де ШҚО, Глубокое ауданы, Предгорное ауылы, Ленин көшесі, 21.

Қоғамдық тыңдау ZOOM платформасында бейнеконференция арқылы онлайн режимінде өткізілетін болады.

Қоғамдық тыңдауға қатысу үшін мына сілтеме бойынша өту қажет:

<https://us05web.zoom.us/j/85106127177?pwd=BQwrOPIbDOU60nSNcnN5aWJtZHaTFa.1>

Конференцияны сәйкестендіруші: 851 0612 7177

Қолжетімдік коды: QJ8P0

4. Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «Кирпично-строительная компания» ЖШС, БСН 040740009957. Мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Шығыс Қазақстан облысы, Глубокое ауданы, Предгорное ауылы, Заводская



сатушы тауарды сатуға міндетті, ал тұтынушы тауарды баға көрсеткішінде ұсынылған бағамен сатып алуға құқылы.

Сонымен қатар егер сатушы қорытынды бағаны жапсырмада көрсетілгеннен жоғары қойса немесе тауарда баға көрсеткіші болмаса, онда оған ҚР ӘҚБтК-нің 193-бабының 4-ші және 5-ші тармақтарына сәйкес кәсіпкерлік субъектісінің санатына қарай 200 АЕК дейін айыппұл салу түрінде жаза қолданылуы мүмкін. Егер тауар баға көрсеткішінде көрсетілген бағамен сатылмаса, тұтынушы сатушыдан артық төленген соманы қайтаруды талап етуге құқылы.

Егер сауда нүктесінің әкімшілігі қайтарудан бас тартса, сатып алушы баға белгісінде көрсетілген сома мен нақты алынған сома арасындағы айырмашылықты төлеуді талап етіп, басшылыққа шағым жазуға құқылы. Егер сауда нысанының басшылығы жазбаша шағымға жауап бермесе және 10 күнтізбелік күн ішінде ақшаны қайтармаса, тұтынушы Қазақстан Республикасының «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Заңының 30-бабы 6-тармағына сәйкес, тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органға немесе сотқа дейінгі дауларды реттеу субъектісіне өтініш беруге құқылы. Бұл ретте ол тауардың құнынан кемінде бір пайыз мөлшерінде айыппұл (өсімпұл, тұрақсыздық төлемі) өндіруді талап ете алады. Айыппұл әрбір кешіктірілген күн үшін, шағым берілген күннен бастап талаптар орындалған күнге дейін есептеледі.

Өз құқықтарыңызды қорғаңыз және сауатты тұтынушы болыңыз!

кертүлер мен ұсыныстар құжаттама жарияланғаннан кейін он жұмыс күні ішінде 24.11.2025 жылдан бастап қабылданады. Осы мерзім өткеннен кейін ескертулер мен ұсыныстар қабылданбайды.

Бастамашысы: Шығыс Қазақстан облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының «Үлкен Нарын орман шаруашылығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, БСН000540002201, ҚР, ШҚО, Үлкен Нарын ауданы, Үлкен Нарын ауылы, Шулятиков к-сі, 10 ү.

Жобалық құжаттамамен әзірлеуші: «ГеоСхема» ЖШС, БСН: 130640013158, ҚР, ШҚО, Өскемен қ., Карл Либкнехт к-сі, 40 үй. Тел. 8 (777) 765-97-77, электрондық пошта: geoshema@mail.ru

Жергілікті атқарушы орган: «ШҚО Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, тел. 8 (7232) 25-70-82

көшесі, 14 үй, тел. 8 7711796965, e-mail: Albini_vins@mail.ru
5. Әзірлеуші: «Лаборатория-Атмосфера» ЖШС. БСН 181600077570. Мекенжайы: 070003, Қазақстан Республикасы, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қ., Потанин к., 35, телефоны 8 (7232) 76-70-39, 8 (777) 783-54-60, e-mail uklab_ecolog@mail.ru

6. Жоба құжаттамасымен <https://ndbecology.gov.kz/> экологиялық порталында, сондай-ақ ШҚО табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының: <https://www.gov.kz/memleket/entities/vko-tabigat?lang=kk> сайтында танысуға болады.

7. Жоспарланған қызмет, қоғамдық тыңдау өткізу туралы қосымша ақпаратты, сондай-ақ жоспарланған қызметке қатысы бар құжаттардың көшірмелерін мына мекенжайлар бойынша алуға болады: «Кирпично-строительная компания» ЖШС, БСН 040740009957. Мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Шығыс Қазақстан облысы, Глубокое ауданы, Предгорное ауылы, Заводская көшесі, 14 үй, тел. 8 7711796965, e-mail: Albini_vins@mail.ru; «Лаборатория-Атмосфера» ЖШС, Қазақстан Республикасы, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қ., Потанин к-сі, 35, телефоны 8(7232) 76-70-39, 8 (777) 783-54-60, e-mail uklab_ecolog@mail.ru

8. Ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдау өткізуден 3 күннен кеш емес мерзімде мына мекенжайлар бойынша қабылданады: электрондық – g.zhunisbekova@akimvko.gov.kz және priemnaya_upirpivko@akimvko.gov.kz; пошталық – Қазақстан Республикасы, ШҚО, Өскемен қ., К.Либкнехт к., 19. Телефоны 8 (7232)25-73-20.